

***КӨКТЕМ МЕЗГІЛІНІҢ
СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ***



Карточка №1

Бақылау: Ауа райын бақылау

Мақсаты: Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білу. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білу. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен қарым-қатынасын дамыту.


Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар»

Көркем сөз: Жауынмен жер көгереді,
Батамен ел көгереді.

Еңбек іс-әрекеті: Топырақты тұқым салуға дайындау.

Дидактикалық ойындар. «Ауа райын сипатта!»

Өзіндік іс-әрекет: Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асыру.



Картотека № 2

Бақылау: *Күнді бақылау*

Мақсаты: *Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету. Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.*

Қымылды ойын: *«Күн мен бұлт»*

Көркем сөз: *Кешкі күн*

Қонды тау басына.

Төкті нұр

Құзар шың басына.

Еңбек әрекеті: *Гүл тұқымын топыраққа егу.*

Дидактикалық ойындар. *«Күн туралы зерттеу»*

Өзіндік іс-әрекет: *Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға жағдай туғызу.*



Картотека № 3

Бақылау: Желді бақылау

Мақсаты: Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту.

Қимылды ойын: «Қақпақ пен таяқ».

Көркем сөз: Жел - тым тентек бір бала,

Жан сүйгені - сар дала

Еңбек іс-әрекеті: Қажеттілік бойынша жұмыс

Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету.

Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу.

Дидактикалық ойын. «Жақсы, жаман»

Өзіндік іс-әрекет: Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау



Картотека № 4

Бақылау: *Аспанды бақылау*

Мақсаты: *Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.*

Қимылды ойын: *«Қазым,қазым қаңқылда!»*

Көркем сөз: *Балалар-ау, балалар!*

Шақырады далалар.

Көктем келді гүл алып,

Құстар келді жыр алып.

Еңбек іс-әрекеті: *Тұқымды қарашірікке отырғызу.*

Дидактикалық ойындар. *«Көктемге арнап бояу табайық»*

Өзіндік іс-әрекет: *Дәлізде ойынға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай тудызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.*



Картотека № 5

Бақылау: Бұлтты бақылау

Мақсаты: Шығарылған бұлтты аспаннан көріп,
қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету.
Шығармашылық қабылдауын дамыту.

Қимылды ойын «Кілттер»

Көркем сөз: Көрген сайын аспанда
Ала шарбы бұлтты,
Әжем түткен ақшамда
Елестетем түбітті.

Еңбек іс-әрекеті: Ауладағы қарды тазалау.
Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны
анықталған орынға апару. Еңбекті ынтымақта
жасауларын қалыптастыру.

Дидактикалық ойын. «Бұлт неге ұқсайды?»

Өзіндік іс-әрекет: Балалардың бірлескен мықты
нәтижелі еңбегіне база беріп, құптау.



Картотека № 6

Бақылау: Қардың алғашқы еруін бақылау

Мақсаты: Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару. Байқампаздықты дамыту.

Қимылды ойын: «Жүгір-отыр-жүгір!»

Көркем сөз: Қар еріпті далада,

Қар еріпті қалада.

Тамашалап Көктемді,

Шығамыз біз далаға

Еңбек іс-әрекеті: Терезе алдындағы бақша

Дидактикалық ойын. «Көктем ерекшеліктерін кім көп атайды?»

Өзіндік іс-әрекет: Ойын барысында бірігіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау.



Картотека № 7

Бақылау: Жылзалар мен шалшықтарды бақылау.

Мақсаты: Жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен азар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап азуын тыңдау.

Қимылды ойын: «Батылдар»

Көркем сөз: Жылт-жылт етеді.

Жылзадан өтеді. (су)

Еңбек іс-әрекеті: Аула маңын қоқыстан тазарту

Дидактикалық ойын. «Жылзалар қалай ағады?»

Өзіндік іс-әрекет: Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау.



Картотека №8

Бақылау: *Сүңгілерді бақылау.*

Мақсаты: *Балалармен бірге сүңгілерді қарау. Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту.*

Қимылды ойын: *«Кім шапшаң?»*

Көркем сөз: *Жылт-жылт еткен,
Жырадан өткен. (Су)*

Дидактикалық ойын. *«Тамшы қалай пайда болады?»*

Өзіндік іс-әрекет. *Балалардың ойын мазмұны мен тақырыбын жетілдіруді дамыту. Өз ойларын жүзеге асыру, яғни ойында рөлдерге бөлуде ойыншық пен міндеттерді бөлісуде құрдастарының ойына келіспеушілік білдіру.*



Картотека №9

Бақылау: *Өзендегі мұздың еруін бақылау.*

Мақсаты: *Балалармен мұздағы жарықтардың пайда болуын қарау. Табиғат құбылыстарына деген байқампаздық пен қызығушылықты дамыту. Өз беттерінше қорытынды жасап, сөздік қорды байыту.*

Қимылды ойын: *«Өзенге, жазаға»*

Көркем сөз: *Көктем келеді, келеді*

Қызылды-жасылды

Қызғалдақпенен.

Қырдан гүлдер тереді

Еңбек әрекеті: *Балықтарға күтім жасау.*

Дидактикалық ойын. *«Алдымен не содан соң ше?»*

Ерікті іс-әрекет: *Баланың даму негізінің жағымды сапасын жеке ұжымда қолданып іске асыру. Белсенді балалар өз құрдастарына, яғни ойын кезінде сылбыр балаларға қысым көрсетпей, ойынға араласып кетуіне қол ұшын бере біту.*



Карточка №10

Бақылау: Қар бетінің төмен түсуін бақылау

Мақсаты: Көктемгі қардың жағдайы туралы балалардың білімін бекіту. Табиғатта болып жатқан өзгерістердің себебі туралы айтып өту. Танымдық қызығушылықтарын дамыту.

Қимылды ойын: «Жолды тап»

Көркем сөз: Көктем келді: құс келді,
Күн ұзын, түн қысқа енді.
Көктем келді: су ақты,
Күннің көзі шуақты.

Еңбек іс-әрекеті: Өз қалауымен бірлескен еңбек әрекетіне қатыса бітуге тәрбиелеу. Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау.

Дидактикалық ойын. «Қар қандай, сипатта?»

Өзіндік іс-әрекет: Әр бала өз қалауы бойынша еріген қар бетіндегі қоқысты тазартады.



Картотека №11

Бақылау: Ағаштарға бақылау жасау

Мақсаты: Балалармен бірге ауладағы ағашты қарау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету. Салыстыра білу қабілеті мен нақты белгілерін атай білуге үйрету. Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу.

Қимылды ойын: «Ағаштан ағашқа»

Көркем сөз: Адам көркі шүберек,
Ағаш көркі жапырақ.

Еңбек іс-әрекеті: Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау.

Дидактикалық ойын. «Біздің үй қайсы, тап?»

Өзіндік іс-әрекет: Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету.



Картотека №12

Бақылау: Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау.

Мақсаты: Балалардың назарын аққайыңға аудару. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.

Қимылды ойын: «Орман дақтары»

Көркем сөз: Көктем келді ырғатыла,

Сылаң қағып сай-сала.

Қызғалдақтар қырға тұна,

Құлтырды бар айнала.

Еңбек іс-әрекеті: Азаштың жан-жазын дөңгелетіп қосыту.

Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету.

Дидактикалық ойын. «Шырын қалай пайда болады?»

Өзіндік іс-әрекет: Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру.



Карточка №13

Бақылау: Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.

Мақсаты: Ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру.


Қимылды ойын: «Секіргіш бақалар»

Көркем сөз: Көктем келіп, қырда,
Құттырады шалғын,
Қозы, лақпен бірге,
Ойнап, асыр садым.

Еңбек іс-арекеті: Ағаш түбін ақтау.

Дидактикалық ойындар. «Орманшы»

Өзіндік іс-арекет: Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік бйдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлсе білуге дағдыландыру.



Картотека №14

Бақылау: Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.

Мақсаты: Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету

Қимылды ойын: «Көк шөптегі хоккей»

Көркем сөз: Көктем кеп,
Көкпеңбек жер беті.
Нұрланды
Гүлзарлы келбеті.

Еңбек іс-әрекеті: Ауладағы қураған шөпті жинау

Дидактикалық ойындар. «Шөптермен танысу»

Өзіндік іс-әрекет: Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету. Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.



Картотека №15

Бақылау: *Бақбақтың өсуін бақылау*

Мақсаты: *Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.*

Қимылды ойын: *«Гүлдер»*

Көркем сөз: *Күн нұрымен қосылып,*

Көктем үйге енеді.

Араласып көктеммен

Шаттық, қуаныш келеді.

Еңбек іс-әрекеті: *Гүлзарлардағы гүлдері бағып, күту. Дидактикалық ойындар. «Тұқымның саяхаты»*

Өз бетімен іс-әрекет: *Ойыншының тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру.*



Картотека №16

Бақылау: Бұталарды бақылау.

Мақсаты: Бұталарды бұтақтарына және бүршіктеріне қарай айыра білу біліктілігін бекіту қолайлы шарттармен байланысын көрсету.

Қимылды ойын: «Шегіртке»

Көркем сөз: Қыз көктем бойын түзеген,

Иісі жұпар бар алап.

Шалғынды кешіп тізеден,

Келеміз қырды аралап.

Еңбек іс-әрекеті: Қураған бұтақтарды кесу, бұталардың түбін қопсыту.

Дидактикалық ойындар. «Ағаштар мен бұталарды отырғызу үшін не керек?»

Өз бетімен іс-әрекет: Балаларға өз рөлін және басқа ойыншылардың рөлдерінің мазмұнын есте сақтауға үйрету. Ойын барысында балалар ауысып 2-3 рөлді ойнау алуы, ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас ережелерін білу, бой ұсындыру, теңдік басқару.



Картотека №17

Бақылау: Шырша және қарағайды салыстыра бақылау.

Мақсаты: Балалармен қарағайды қарау. Ағашты тауып атай біту.
Қарағай мен шыршаны салыстыру; Ұқсастығы мен айырмашылығы.

Қимылды ойын: «Бүршіктен атта»

Көркем сөз: Көктем болды алақай,
Қуанар барлық балақай.
Көктемде жаңбыр болады,
Бақшаға гүлдер толады.

Еңбек іс-әрекеті: Қылқан жапырақты ағаштарды күту
Дидактикалық ойындар. «Бұтағына қарай ағашты табу»

Өз бетімен іс-әрекет: Ойынды ұйымдастыру барысында
балалардың қарым-қатынастарының өнегелі болуын,
өз рөлдерінің орнын білуін, бір-біріне достық сезіммен қарауын,
қиын жағдайда бір-біріне көмектесе алуын, қайырымдылық
қасиеттерін көрсете білуіне көмектесу.



Картотека №18

Бақылау: Құстардың ұшып келуін бақылау

Мақсаты: Құстардың пайдасы туралы білімдерін бекіту.
Табиғат құбылыстарының арасындағы заңды байланысты көре білуге үйрету.

Қимылды ойын: «Лашын мен ұябасар»

Көркем сөз: Көктем келді, күн шығып,

Айлар, күндер тұр күліп.

Тура анам секілді,

Мейрімді боп тұр күліп.

Еңбек іс-әрекеті: Алаңдағы құстарды тамақтандыру

Дидактикалық ойын. «Сауысқан да, қарға да емес»

Өз бетімен іс-әрекет: Ортақ ойында өз тәртібі үшін жауапкершілікті тәрбиелеу, ойынның түпкі ниетін іске асыруға құлшыну.



Картотека №19

Бақылау: Қараторғайларды бақылау.

Мақсаты: Қараторғай туралы білу. Балалардың жыл құстары туралы білімін кеңейту және бекіту. Балалардың көңіл-күйлерін көтеру.

Қимылды ойын: «Қарлығаш»

Көркем сөз: Көктем келді, көктем келді.

Жадыраған жайнаған.

Шашыраған сәулесімен,

Жасыл көктем сайраған.

Еңбек іс-әрекеті: Гүлзардағы топырақты қопсыту

Дидактикалық ойын. «Құсқа үйшік тап»

Өз бетімен іс-әрекет: Балаларды таңдап алған тақырып бойынша әр түрлі көмекші заттардың көмегімен құрастыруды, ойыншықтарды ауыстырып ойнауды, ойын барысында қолдана білуге үйрету; балалардың өздері жасаған ойыншықтарды пайдалану



Карточка №20

Бақылау: Ұяларды бақылау.

Мақсаты: Ағаш басындағы қарғаның ұясы мен шатырдың астындағы торғайдың ұясын салыстыру. Балалардың бақағаштығын және білуге құмарлықтарын дамыту.

Қимылды ойын: «Ұшу»

Көркем сөз: Көктем келді жеріме,

Бақ әкелсін еліме.

Күн күлімдеп көгімде,

Шуақ шапсын төгіле.

Еңбек іс-әрекеті: Құстарға ұя жасауға көмектесу.

Дидактикалық ойын. «Ұяда отырған не?»

Өз бетімен іс-әрекет: Балаларға ойынға керек құрылыстарды салуға үйрету. Ойын барысында табиғи заттарды қолдану Балалар ойынының мазмұны мен тақырыбын толықтыру және дамыту.

